

2021-2022 оқу жылына арналған медбикенің жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі
1	Оқу жылы алдында мектеп ішінің, сыртының санитарлық жағдайын тексеру	тамыз
2	Медициналық кабинетті даярлау, алғашқы көмекке арналған дәрі-дәрмек алу	тамыз
3	Оқушылардың тазалықтарын және жұқпалы ауруларға тексеріп қабылдау	ай сайын
4	Балаларды қорғау, дәрігердің ұсынысын орындау	ай сайын
5	Балаларды мед. тексерістен өткізіп, нәтижесі жөнінде аурухана мен СЭС-қа есеп беру және ата-аналарға, мұғалімдерге жеткізу	тамыз
6	Шағын орталық балаларын 10 күнде 1 рет тазалығы мен педикулез, қотыр тері зеңі ауруларына тексеру	ай сайын
7	1-сынып оқушыларына Манту сынағын қойып, БЦЖ екпесін егу және (ф №26) мед. картасын алу	қыркүйек
8	«Д» есептегі балаларды уақытында емделуін бақылауға алу	қараша
11	Асхана қызметшілерін жұқпалы және іріңді ауруларға тексеру	жыл басында
12	Тамақтың уақытында сапалы дайындалуын және дәмділігін тексеріп, бракераж журналына белгілеп отыру	қыркүйек
13	Мектепте, асханада және шағын орталықта негізгі жуып-жинаудың уақытында жүргізілуін қадағалау	ай сайын
14	Шағын орталық балаларының төсек - орнының уақытында ауыстырылып, жуылуын, үтіктелуін және бөлмелерді кварцтап отыруын қадағалау	ай сайын
15	Жұқпалы ауруды дер кезінде оқшаулау, олармен байланыста жүрген балаларды қорғау. Мектепте жұқпалы аурулармен ауыратындарды тіркеу	күнделікті
16	Балаларды және шағын орталық пен асхана қызметшілерін асгельминт ауруына тексеру	қазан
17	Оқушыларды ұзақ демалыстан кейін және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларын ай сайын педикулез, қотыр, тері зеңі ауруларына тексеру	күнделікті

18	Санитарлық ағарту жұмысының жоспарын құрып, жоспар бойынша өткізу	жыл басында
19	Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ата-аналармен профилактикалық жұмыс жүргізу	ай сайын
20	Мектеп персоналымен әңгімелесу, дәріс оқу және т.б. жұмыстар жүргізу	ай сайын

Медбике:

Кишкентаева О.К.

2021-2022 оқу жылының мектеп медбикесінің жылдық есебі

Оқу жылы алдындағы мектеп ішінің, сыртының санитарлық жағдайын тексеру 2021 жылдың тамыз айында өткізілді. Медициналық кабинетті даярлап, алғашқы көмекке арналған дәрі-дәрмек толық құрамда алынды. Оқушылардың тазалықтарын және жұқпалы ауруларға тексеріп қабылдау ай сайын өткізіліп отырды. Балаларды мед. тексерістен өткізіп, нәтижесі жөнінде аурухана мен СЭС-қа есеп берілді және ата-аналарға, мұғалімдерге жеткізілді. Шағын орталық балаларын 10 күнде 1 рет тазалығы мен педикулез, қотыр тері зеңі ауруларына тексерулер жүргізілді. 1-сынып оқушыларына Манту сынағы қойылды, БЦЖ екпесі егіліп, (ф №26) мед. картасы алынды. «Д» есептегі балалардың емделуі бақылауда болды. Оқу жылының басында, қаңтар айында асхана қызметшілерін жұқпалы және ірінді ауруларға тексеру жүргізілді, тексеру нәтижесінде «Д» есептегі балалар жоқ. Күнделікті тамақтың уақытында сапалы дайындалуын және дәмділігін тексеріп, бракераж журналына белгіленіп отырды. Мектепте, асханада және шағын орталықта негізгі жуып-жинаудың уақытында жүргізілуі қадағаланды. Шағын орталық балаларының төсек - орнының уақытында ауыстырылып, жуылуын, үтіктелуін және бөлмелерді кварцтап отырылуы әрдайым қадағаланып отырды. Күнделікті жұқпалы ауруды дер кезінде оқшаулау, олармен байланыста жүрген балаларды қорғау, мектепте жұқпалы аурулармен ауыратындарды тіркеу жұмыстары жүргізілді. Балалар және шағын орталық пен асхана қызметшілері асгельминт ауруына тексерілді. Оқушыларды ұзақ демалыстан кейін және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларын ай сайын педикулез, қотыр, тері зеңі ауруларына тексерулер өткізілді. Аталған аурулармен ауыратын балалар жоқ. Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ата-аналармен профилактикалық жұмыстар өтті. Ай сайын мектеп персоналымен әңгімелесу, дәріс оқу және т.б. жұмыстар жүргізіліп отырды.